



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

Тамыз 2025

Жылдық инфляция 2025 жылғы тамызда 12,2%-ға дейін жеделдеді (шілдеде – 11,8%). Азық-түлік пен азық-түлікке жатпайтын тауарлардың, сондай-ақ ақылы көрсетілетін қызметтің бағасы жылдық мәнде өсуі тиісінше 11,7%-ға дейін (шілдеде – 11,2%), 9,7%-ға дейін (шілдеде – 9,5%) және 15,3% дейін (шілдеде -14,9%) жеделдеді.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 17 өңірде жеделдеп, 3 өңірде баяулады. Жылдық инфляция 9 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Инфляцияның ең жоғарғы мәні Қарағанды облысында (14,4%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2024 тамыз – 2025 тамыз), %-бен

Қарағанды	9,4 ————— 14,4	Абай	8,1 ————— 12,0
Ұлытау	6,6 ————— 13,6	Шымкент қ.	7,5 ————— 12,0
Ақмола	8,2 ————— 13,0	Алматы	5,2 ————— 11,9
Атырау	9,4 ————— 12,8	Шығыс Қазақстан	9,2 ————— 11,7
Астана қ.	10,5 ————— 12,8	Түркістан	7,5 ————— 11,7
Алматы қ.	8,6 ————— 12,7	Жетісу	8,3 ————— 11,5
Солтүстік Қазақстан	9,1 ————— 12,6	Қостанай	7,8 ————— 11,1
Ақтөбе	8,6 ————— 12,5	Қызылорда	7,7 ————— 11,0
Батыс Қазақстан	9,0 ————— 12,4	Павлодар	9,6 ————— 11,0
Қазақстан Республикасы	8,4 ————— 12,2	Маңғыстау	10,2 ————— 10,9
		Жамбыл	7,4 ————— 10,4

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары ел бойынша қалыптасқан деңгейден (ж/ж 11,7%) жоғары Ұлытау (14,8%), Ақмола (14,6%), Шымкент қ. (14,2%), Қарағанды (13,7%), Солтүстік Қазақстан (13,2%), Түркістан (13,1%), Батыс Қазақстан және Астана қаласында (12,7%-дан), Жетісу (12,5%), Алматы (12,0%) және Шығыс Қазақстан (11,9%) облыстарында қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы елдегіден (ж/ж 9,7%) жоғары Абай (12,6%), Ұлытау (12,1%), Ақмола және Ақтөбе (11,6%-дан), Солтүстік Қазақстан (11,1%), Атырау және Маңғыстау (10,8%-дан), Қарағанды (10,7%), Қызылорда (10,3%), Шығыс Қазақстан (10,2%), Жетісу (10,1%), Алматы, Түркістан облыстарында және Астана қаласында (10,0%-дан) өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы жалпы республикалық деңгейден (ж/ж 15,3%) жоғары мына өңірлерінде: Алматы қаласында (20,6%), Қарағанды (18,5%), Атырау (17,0%) және Батыс Қазақстан (16,4%) облыстарында өсті.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі компоненттері, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы көрсетілетін қызмет инфляциясы
Қазақстан Республикасы	11,7	9,7	15,3
Ақмола	14,6	11,6	12,3
Ақтөбе	11,3	11,6	14,8
Алматы	12,0	10,0	14,9
Атырау	11,6	10,8	17,0
Батыс Қазақстан	12,7	8,4	16,4
Жамбыл	10,8	8,4	12,2
Қарағанды	13,7	10,7	18,5
Қостанай	10,4	9,2	14,2
Қызылорда	10,7	10,3	12,6
Маңғыстау	11,4	10,8	9,8
Павлодар	10,6	7,7	15,2
Солтүстік Қазақстан	13,2	11,1	14,2
Түркістан	13,1	10,0	11,3
Шығыс Қазақстан	11,9	10,2	13,1
Астана қ.	12,7	10,0	14,4
Алматы қ.	8,7	7,5	20,6
Шымкент қ.	14,2	9,3	12,0
Абай	11,3	12,6	12,6
Жетісу	12,5	10,1	11,2
Ұлытау	14,8	12,1	13,8

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2025 жылғы тамызда елде айлық инфляция 1,0% болды. Айлық инфляцияның ең жоғары мәні Атырау және Ұлытау облыстарында (1,8%-дан) байқалды.

2-кесте. 2025 жылғы тамызда өңірлердегі айлық инфляция, %

Қазақстан Республикасы	1,0
Атырау	1,8
Ұлытау	1,8
Батыс Қазақстан	1,4
Түркістан	1,4
Ақтөбе	1,3
Алматы	1,2
Қызылорда	1,2
Маңғыстау	1,2
Павлодар	1,2
Солтүстік Қазақстан	1,1

Жетісу	1,1
Шымкент қ.	0,9
Ақмола	0,8
Қарағанды	0,8
Қостанай	0,8
Астана қ.	0,8
Алматы қ.	0,7
Жамбыл	0,6
Шығыс Қазақстан	0,6
Абай	0,3

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ